

## **Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округінің Битілеу ауылы аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 3 шілдедегі № 12 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 шілдеде № 3945 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 11 қаңтардығы № 1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің 11.01.2017 № 1 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Ақжайық аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы міндетін атқарушысының 2015 жылғы 3 шілдедегі № 203 ұсынысы негізінде және жануарлардың аса жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округінің Битілеу ауылы аумағында ұсақ мал арасында жұқпалы эпидидимит ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Алып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақжол ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 08.09.2015 № 16 шешімімен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етуін және орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ақжол ауылдық округі  
әкімінің міндетін атқарушы*

*К. Ажғалиев*

